

Телеуова Э.Т.¹ Иманбаева С.С.²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы, e-mail: teleuova@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті,
Қазақстан, Алматы, e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ «ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДІЛДІК» ТҰЖЫРЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы «құқықтық әділдік» тұжырымы мәселесі қарастырылады. Қандай кезең болмасын және кез-келген халықтар арасында құқық әділетті болуы керек деп есептелді. Сонымен бірге, ол әділдіктің көрінісі ретінде қарастырылды немесе оны әділеттілікке сәйкестендіру мақсаты қойылды. Осыдан әділеттілік - бұл құқық құндылықтарының бірі, ең берік, әрі өміршең тұсы деген қорытынды жасауға болады. Құқықтың көптеген құндылықтары өтпелі болып табылады. Бұл теңдік, ұлттық мүдде, прогресс, қалыптасқан әдет-ғұрыптарға, адалдық және жеке құқықтарға тәуелді. Олардың барлығы белгілі бір тарихи кезеңде пайда болып, өзгеріп отырды. Әділдік - бұл мәңгілік құндылықтардың немесе өзгермейтін құқықтың негізгі қағидаларының бірі. Бұларға әділеттіліктен басқа, жалпы игілік пен заңдардың орындалуын жатқызуға болады. Сонымен қатар, тарихи кезеңдердегі құқықтың әділдік тұжырымы мәңгі, ең жоғарғы құндылық болып қала береді.

Кілт сөздер: құқықтық әділдік, дәстүрлі, рухани, құндылық, әдет, әлеуметтік, ар соты, жаза.

Teleuova E.T.¹ Imanbaeva S.S.²

¹candidate of historical sciences, Associate Professor of Kazakh National University named after al-Farabi,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: teleuova@mail.ru

²candidate of historical sciences, Associate Professor of Kazakh National Agrarian Research University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru

THE CONCEPT OF "LEGAL JUSTICE" IN THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY

Abstract

This article discusses the concept of "legal justice" in the traditional Kazakh society. At all times and among all peoples it was believed that the law should be just. At the same time, either it was considered as the embodiment of justice, or the goal was put forward to bring it in line with justice. From this we can conclude that justice is one of the values of law, and the most durable and essential. Many values of law are transitory. Such are equality, national interest, progress, loyalty to established customs, and individual rights. They all appear at a certain historical stage. Justice is one of the eternal values or basic principles of law. From this we can conclude that justice is one of the values of law, and the most durable and essential. Many values of law are transitory. Such are equality, national interest, progress, loyalty to established customs, and individual rights. They all appear at a certain historical stage. Justice is one of the eternal values or basic principles of law.

Keywords: legal justice, traditional, spirituality, value, custom, society, court, punishment.

Телеуова Э.Т.¹ Иманбаева С.С.²

¹кандидат исторических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, Алматы, e-mail: teleuova@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент, Казахский Национальный Аграрный Исследовательский Университет,
Казахстан, Алматы, e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru

КОНЦЕПЦИЯ «ПРАВОВАЯ СПРАВЕДЛИВОСТЬ» В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

В данной статье рассматривается концепция «правовая справедливость» в традиционном казахском обществе. Во все времена и у всех народов считалось, что право должно быть справедливым. При этом либо оно рассматривалось как воплощение справедливости, либо выдвигалась цель привести его в соответствие со справедливостью. Из этого можно заключить, что справедливость - одна из ценностей права, причем наиболее долговечных и существенных. Многие ценности права переходящи. Таковы равенство, национальный интерес, прогресс, верность сложившимся обычаям, права личности. Все они появляются на определенном историческом этапе. Справедливость принадлежит к числу вечных ценностей или основных принципов права. Помимо справедливости к ним можно отнести лишь общее благо и соблюдение законов. Больше того, справедливость - не только вечная, но и высшая ценность в праве. Все остальные соизмеряются с ней и действительны лишь при условии, что они не противоречат справедливости.

Ключевые слова: правовая справедливость, традиционный, духовность, ценность, обычай, социум, суд, наказание.

«Әділдік жоқ жұртта береке-бірлік болмайды, байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар - қысты күні үңгірде жатып өз аяғын өзі сорған аю тәрізді...»

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан

Дала құқығы қоғамның ішкі дамуының ұзақ үрдісінде қалыптасты, ұрпақтан ұрпаққа жалғасты, заманаға сай жетілді. Орта ғасырлардағы саясат, мәдениет, дін, ұлттық, тұрмыстық сипаттамалар түркілер мен монғолдардың, кейін қазақ халқының ерекше «дәстүрлі» құқықтық санасын және құқықтық мінез-құлықын қалыптастырып, оның жазбаша (ресми) заңдардан айтарлықтай ерекшеленуіне ықпал етті.

Дәстүрлі қоғамдағы құқықтық мінез-құлық құбылысын қарастыра отырып, неміс құқықтанушысы Рудольф Иеринг ұсынған «құқық жолындағы күрес» [1] тұжырымдамасына сүйенуге болады. Құқық дегеніміз-кең мағынада қоғамның өмір сүру жағдайларының жиынтығы, құқықтың туындауын әлеуметтік негізде қарау, «құқықтық сезім» категориясының алғышарт ретінде ұсынуы дәстүрлі қазақ құқығын түсінуге мүмкіндік береді. Қоғам мен билік арасындағы үйлесімділік заңға саяды, Иеринг атап өткендей, заң - "биліктің ақылға қонымды саясаты" болып табылады. Құқықтың басты әлеуметтік идеясы бұл – қоғамның өз кезеңіндегі әділдік шешімдері болып табылды. Р. Иеринг әділдік идеясын қайырымды іс пен оған деген құрмет, жаман іс пен жазаның арасындағы тепе-теңдік мүдделерінің қоғам мүддесіне сәйкес келуі деген пікірге келеді, судьялардың шешімін әділетті деп есептейді және әділеттілік түсінігі құқықтағы теңдік қағидасына негізделген деп нақтылайды [2, 14-б.].

Біріншіден, құқықты түсінудің нәтижесі, әрқашан да субъектінің адамгершіліктік, идеологиялық позицияларына байланысты; екіншіден, құқықтың тарихи қызмет ету жағдайларына; үшіншіден, құқықтың құрылу қайнар көздерінен туындайды. Батыстық тұжырымдамада құқық логикалық ұғым емес, күш ұғымы. Сондықтан Әділеттің сипатын бір қолында құқықты таразылайтын таразысы бар, екінші қолында соны қорғайтын семсері бар етіп бейнелейді. Таразысыз семсер көрінеу зорлық, семсерсіз таразы - құқықтың дәрменсіздігі болып шығар еді. Екеуі етене байланысты және құқықтың мүлтіксіз толықтығы семсерді жұмсайтын әділетті күш, ол таразыны қосатын дәлдікке тең болғанда ғана салтанат құрады деп айшықталады.

Әділдік пен құқық әлеуметтік тұжырымдамада пара-пар ұғым болып табылады. Әділдік ілімі (Equity theory) «Әділдік теориясы» батыс тарихнамасында қоғамның дамуының айнасы ретінде көрсетіледі. Ерекше атап өтетеін тұжырымдық еңбек Дж Ролздың «Әділдік теориясы» кітабы[3]. «Әділдік теориясының» философиялық құбылыс ретіндегі табысы позитивизм дағдарысымен байланысты болды. Нормативтік мәселелерді шешуден саналы түрде бас тартып, өз міндетін тек мораль тілін зерттеумен ғана шектеді. Нормативтік тұжырымдары жаңа ұрпақ қанағаттандыра алмаған утилитаризм этикасы өзін сарқытты. Дж.Ролз либерализмнің нормативтік философиясының ең күшті жақтарын біріктіре алды. Ролз әділдіктің мазмұндық қағидаларын әзірлеу қажеттігін көрсетті. Бұл ретте қоғамдық сұраныс тудырмайтын құқықтық нормалардың утилизациясы, құқықтық әділдікті зерттеу әдістемесі бір мезгілде дәстүрлі және бірегей болуы көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда, әділдік тұжырымын тарихи кезеңдерге сәйкес үлгісі дәстүрлі және бірегейлік бағытта қарауға болады. Орта ғасырда Мәуереннахр билеушісі Әмір Темір «Әділдік» ұранын пайдаланған, деректерде: «расти русти», «расти ва русти» парсы сөзін қолданғаны айтылады. Зерттеушілер бұл ұғымды: «Күш әділдікте» немесе «Әділдікте һәм күш» - деп түсіндіреді [4, 67- бет.]. Мұнда билік үшін әділдікті орнату түсінігі басым болса, қоғам үшін әділдікті іздеу, рухани құндылықтарға жүгіну ойы қатар қолданылады.

Дала өркениетінің әділдік теориясын даналық сөздер, би-шешендердің өнгесі мен Дала ойшылдарының еңбектері құрайды. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы әділдік идеясының мазмұны бүгінгі қоғам үшін де сұранысты.

Әділдік - әлеуметтік топтардың, қоғам өміріндегі индивидтердің әлеуметтік дәрежесіне, құқығы мен міндетіне, еңбегі мен марапатына, қоғамның мойындауына, қылмыс пен жазасына қатысты түсінік. Әділет - жан сақтау құралының бірі, қастерлі категория. Әділеттілік, әсіресе ел-жұрттың тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет, әділдік пен адалдық сынды құны биік қасиеттердің қазіргі қазақ қоғамында дәріптелуі тиіс. «Әділ сөйлеп, адал жүр» деп ізгілікке баулыған Қожа Ахмет Ясауи туындысы – «Диуани хикмет» кітабында ар тазалығы мен адалдық, ізеттілік пен парасаттылық сынды құндылықтардың адам бойындағы ең арда қасиет болып табылатынын жеткізген. «Арыңды сақта, болсаң да малға кедей» деген нақыл сөздерімен дүниеде жиған-тергенің аз болса да, ар өлшемің биік болуы тиіс екендігін шебер жеткізген. Және «Жалтақтардан жөн сұрама, жолдан қалған, Жаны адалды әр уақытта қолдайды Аллам», деген шумақтарынан теріс мінезділердің жолымен емес, адал ризықпен күн кешіп жүргендердің ізімен жүру қажеттігін және сол арқылы мол сауапқа кенелуге болатынын атап өткен. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи шығармасында: «... Ақылды алсаң, жараңдарға қызмет қылғын, Адал жолды тұтқандарға ізет қылғын», деген өлең жолдары арқылы замандастарын парасатты болуға үндеп, бұқара халыққа таза ниетпен, адал еңбекпен қызмет қылу қажеттігін ерекше атап көрсетсе, «Пара алған әкімдер – арамдықпен жүргендер, Өз бармағын өзі шайнап өкінішпен қалады», деп қоғамның күрделі мәселесін ашық көрсетеді, пара алған би-болыс пен шенді-шекпендінің және әкім-қараның ертеңгі күні өкінішпен өтетінін жеткізеді. Бұдан бөлек, әділдік туралы Ясауи өзінің 60-хикметінде: «Арың таза болса, әр кез жеңіс сенде», деп өнегелі өсиет сөз қалдырған. 102-хикметінде: «Қазы болған ғалымнан пара істеп жегендер, Ондай ғалым жайын мен тар азаптан

көрдiм мен», деп көлеңкелi қылмыс түрiне жақын болған азаматтардың болашағы тас түнек қараңғы болатынын ашық баяндаған[5, 188-б.].

Жүсiп Баласағұнның шығармасының мазмұны заң мен әдiлеттiлiк iлiмiнiң тығыз байланысын көрсетедi: «Бiл, әдiл заң - басшылықтың тұғыры, Заң бар жерде - берiк елдiң жұлыны. Әдiлдiк ерге де, елiктiге де қонымды, себебi асылдықты қасиетiм деп санатқызады. «Әдiлдiк - құт. Құт құрығы - кiшiлiк, Әдiлдiктiң заты - тұнған кiсiлiк». Бабын тапсаң - ұшқыр, ылғыр, айталы! Әдiлдiктi бұра тартқандар абыройдан арылды, заңды жөнсiз бұрмалады, бұзды. Одан бектiк берiк болмады, әдiл заңды шала алмады. Бек заң жолын төрелiкте ұстаса, Бар тiлекке жетер қолы, қысқасы. Ақын үшiн заң алдында бәрi бiрдей, онсыз ешбiр келiсiм болмайды. Ей, бiлiктi, бақсаң заман сыңайын, Бәрi өзгерген, өгерткен ел райын. Ел райына сыймағандар - жер үстiне сыймай ерте о дүниелiк болған қатыгездер[6,155-б.]. Әдiлдiк пен заң қажеттiлiгiн таза жүректiлер терең ұқты, бiлiктiлер бар ынта-ықыласымен қорғап бақты. Мұндай тарихи-мәдени және әдеп-адамгершiлiк сабақтастығы өмiрлiк тәжiрибенi тiршiлiктiң нақты (оң немесе терiс) мәселелерiне, ел басқару мiндеттерiне бағыттады. Шығармада ел басқару iсiне кiм басшы бола алады, оған кiмдер мәселесiн талдайды. Бiлiктiлер әдiл заңды түзеп, заман-дүние iсiне телiген, iзгi де iзеттi идея мен үлгiлердi бiр-бiрiне жақындатуға мүдделi болуын нақты көрсетедi.

Абайдың поэзиясында, әсiресе, кiтап «Ғақлия» атты мұрасында «қалың елi, қазағын», өзге халықтар қатарына қосу, яғни «ел қылу» идеясы бүкiл қоғамда әдiлдiктi орнықтыру идеясымен қабыса табысқанына көз жеткiземiз[7, 7-б.]. «Ғақлия»-ның үшiншi сөзiнде ойшыл қойған кесек мәселелерден қазақ өмiрi қайтсе түзеледi немесе қоғам қайтсе әдiлеттi болады деген сұрақ жазбай танылады. Айнала дүниенiң қиянатшыл болуы - әдiлеттiң жоқтығынан. Сондықтан Абай: «Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң менiң ойыма келедi» дей отырып, бұзықты азайтып, әдiлдi молайту хақында ой-пiкiрлерiн ортаға салады. Бесiншi қарасөзiнде: «Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшiн, ғылым үшiн, бiлiм үшiн, *әдiлет* үшiн қам жемейдi екен, мал үшiн қам жейдi екен...» деп басталатын сөйлем бар. Бұл сөйлемдi, әрине, «әдiлет үшiн» деген тiркеске көңiл бөлу керек. Қазақ қоғамының әдiлеттiктiң жоқтығын «қиянат» тiркесiмен көрсеттi. Абай шығармасында әдiлдiк идеясының мазмұны қазақ ақын-жыраулардың ойларымен ұштасып жатты.

Дала құқығын ортағасырлық мұсылман құқығынан бөлiп қарау мүмкiн емес. Мұсылман құқығы әдiлдiктiң орнауына ерекше мән берген, әдiл болуды ешкiмнiң еркiне тастамады, әр-бiр адамға мiндеттедi, әсiресе билiк иесiне ерекше жауапты болуды жүктедi. Исламдағы дiни-құқықтық жүйедегi әдiлдiктiң басты үш түрiн анықтауға болады:

1) *Аллаға әдiлдiк жасау.*

Алланың өзi де рас, сөзi де рас,

Рас сөз еш уақытта жалған болмас.

Көп кiтап келдi Алладан, оның төртi,

Алланы танытуға сөз айырмас – деп Абай Хакiм қазақ қоғамындағы мұсылмандықтың айқын көрiнiсiн бередi[8, 65-б.].

2) *Адам өзiне әдiлдiк жасау.*

«Әдiлет пен мейiрiм, нысап(ынсап)-

Құлшылығым Тәңiрiме. Қиянат жанды жұмсап,

Жанбан отқа шырқырап»..... (Шәкәрiмнiң шығармасынан) [9, 88-б.].

3) *Адам басқалармен әдiл болу.*

Дала заңдары әдiлдiк пен әдiлеттiлiктiң қоғам iшiнде орнығуына идеялық тұрғыда ықпал еттi. Әлеуметтiк әдiлеттiлiк - бұл қоғамда әдiлеттiлiктi насихаттау. Әлеуметтiк әдiлеттiлiк - бұл теңдiк, ынтымақтастық және адам құқығы бар қоғамды құру. Әдiлеттiлiк - адамдық қатынастардың заңға, моральдық-этикалық тәртiптерге, құқықтарға және нормаларға, талаптарға сәйкес келуi; құқықтар_мен мiндеттемелер арасындағы, еңбек пен марапаттау арасындағы, қылмыс пен жаза арасындағы сәйкес келуi. Бұл ара қатынастарға сәйкес келмеушiлiк, әдiлетсiздiк деп бағаланады. Әдiлеттiлiк қағидасы –құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым қатынастың белгiлi тәртiбiне қатысты қағида, адамның қоғам алдында ғана емес, сонымен бiрге қоғамның тұлға үшiн де жауаптылығын көрсететiн, адамның өмiр сүру жағдайлары мен сапасын бiлдiретiн әлеуметтiк этикалық категория, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиiмдi тетiгiне мүдделi екенiн жеткiздi.

Қазақ даласындағы «*Әдiлдiктiң*» айқын көрiнiсiн сот билiгiнен көруге болады. Бұл жоғарыдағы немиc құқықтанушысы Рудольф Иеринг атап өткендей құқық үшiн күрес, сот әдiлеттiлiгiнен туындайтынын ескерсек, Дала жұртының соты «*Әдiл*» тұжырымына негiзделгенiн айшықтауға болады.

Көшпелiлер сот билiгiн мемлекеттiк билiктiң басқа салаларынан бөле-жара қарайды, оны өзiне жақын тартады. Сөйте тұра, оның қоғамдағы орнын, құндылығын асыра бағаламайды. Сот билiгiнiң қызмет ауқымын, қоғамдық мәселелердi шешудегi iшкi мүмкiндiгiн және қажеттiлiгiн шамалап, оны тиiстi шеңберде және деңгейде пайдалануға тырысты. Дала жұрты сот билiгiнiң рухани болмыс-бiтiмнiң шексiз емес екендiгiн, оның тек белгiлi бiр шектеулi деңгейде ғана iске асатындығын iштей ұғынатын. Көшпелiлер ұғымы бойынша, адам үшiн ең басты, *әрi негiзгi сот- ол адамның өз соты, iшкi соты, ар соты*. Соған сай *ең әдiл де ауыр жаза ар жазасы* деп түсiнiлдi.

Көшпелiлер үшiн сыртқы сот-билер соты қоғамдық қажеттiлiктен туындайтын құбылыс. Олар оны әлеуметтiк қажеттiлiк есебiнде ғана мойындайды. Бiрақ сыртқы сотты (сот процесiн) онша “жақтыра, құптай” бермейдi. Оның қоғамдағы орнын амалсыз мойындайды, бiрақ асыра бағаламайды. Керiсiнше, егер мүмкiндiк болып жатса,

әр адам өз ісін өзі, сотсыз-ақ тікелей шешкенді қалайды. Сот тек басқа жол болмағанда (талас-дауды шешудің, бітімге келудің) ғана қолданылатын шара деп қарастырылады.

Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігінің негізінде жатқан және оның ерекшелігін анықтайтын басты факторлардың бірі – ол көшпелілердің рухани өмірінің деңгейі еді. Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігінің шын келбеті оны қоғамдағы *рухани өмір аясында және контекстінде* қарастырғанда анық көрінеді. Осы тұрғыдан келгендегі біздің байқайтынымыз, көшпелі қазақ қоғамындағы рухани өмір саласы, соның заңдары және ұғымдары сот билігінің негізінде жатқан және соған өз ықпалын жүргізе алған ең пәрменді күштің бірі еді. *Ар тазалығы, адалдық, ұят, намыс, ата-баба аруағы, имандылық, мәрттік* секілді түсініктер және бастаулары еді, оның өмір сүруінің негізінде жатқан адами принциптер және заңдар еді.

Көшпелі қазақ қоғамындағы сот процесінің әлі күнге дейін бізді қызықтыратын әрі таңдандыратын қасиеттері және “құпиялары” оның осы рухани өмірмен тығыз байланыстылығынан және сонымен біте қайнасып жататындығынан туындайды. Соған сай кей сәттерде сот билігінің іске асуының шегін, оның өзіндік болмысының шекараларын дәл айқындау, дөп басу қиындау соғып жатады. Ондай сәттері соттық сала тікелей рухани өмір бастауларына шығып жатады, немесе рухани факторлар тікелей сот саласында басты күшке айналып, ондағы қайшылықтарды мүлдем басқаша шешіп жатады. Көшпелі қоғамда жалпы құқықтық өмір, оның ішінде сот саласы, өзінің қоғамдық, адамдық рухқа бағынышты екендігін, содан туындайтынын және соның талаптары шеңберінде ғана іске асып, өмір сүретіндігін әркез сезініп, мойындап отыратын. Сонымен бірге, сот саласы өзінің мақсат- мүддесін негізінен, қоғамдық рухани өмірдің биіктігімен қамтамасыз етіп отыратын. Қоғамдық даудамалардың, талас-тартыстардың көбіне адамдық өре, рухани белес биігі ережелерімен, талаптарыменен шешіліп жататындығы осымен түсіндірілетін. Себебі көшпелілер *бір-бірін соттасуға, бет ашысуға* қимайтын.

Осылайша, өмірдің бұл қабаты мен саласынан жоғарылап, өз мәселелерін үлкен бір рухани деңгейде, түсіністік деңгейде өзара кешірім және сыйласу деңгейінде, артық сөзсіз адами тұрғысынан шешуге ұмтылатын. Көшпенділер құқықтық өмір саласынан адамның рухын жоғары қойды, сөйтіп оларды “ноқталап”, “бұғаулап” ұстап отырды. Бұлай ұстап отыру көшпелілердің рухани өмірінің биіктігімен қамтамасыз етілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иеринг Р. <https://kitap.kz/book/bota-kukik> . 1.11.2020.
2. Иеринг Р. *Антология юридической науки*, Москва: Наука, 2006. – 162 б.
3. Ролз Дж. *Теория справедливости*. Новосибирск: НГУ, 1995. – 218 б.
4. Сұлтанов Т.И. *Темір және оның империясы*. Алматы: Мектеп, 2007. – 152б.
5. Келімбетов Н. *Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері*. — Алматы: Раритет, 2011. — 243-б.
6. Келімбетов Н.. *Ежелгі дәуір әдебиеті*. Алматы: Ана тілі, 1991. — 250 б.
7. Абай. *Қара сөздер*. Алматы: Меломан, 2019. -140 б.
8. *Абайтану. таңдамалы еңбектер* Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. 1 т. – 210 б.
9. *Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер*. Алматы: Жазушы, 1988.– 560 бет.